



КОЛЛЕДЖДІҢ
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ
ЖӘНЕ
МАМАНДЫРЫЛҒАН
АККРЕДИТАЦИЯДАН ӨТУІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КЕНЕС

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ПӘНДІК АПТАЛЫҚ
“ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ-
ҚАЗАҚСТАНЫМ”

КӘСІБИ БАҒЫТ - БАҒДАР БЕРУ
“МЕНИҢ МАМАНДЫҒЫМ -
МЕНИҢ БОЛАШАҒЫМ”

“МЕЙІРГЕР ІСІ”
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
БІРЛЕСТІГІНІҢ ОТЫРЫСЫ

“ФАРМАЦИЯ”
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
БІРЛЕСТІГІНІҢ ОТЫРЫСЫ

ОНЛАЙН ТӘРТІБІНДЕ
ӨТКЕН КОНФЕРЕНЦИЯҒА
КАТЫСУ

АШЫҚ ЕСІК
“МАМАНДЫҒЫМ -
МАҚТАНЫШЫМ”

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ
АЛДЫН АЛУ
МҰРАЖАЙҒА САЯХАТ

ЖАНА ЖЫЛДЫҚ ШЫРША

ФЛЕШ - МОБ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

КОЛЛЕДЖДІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ МАМАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТАЦИЯДАН ӨТУІ

Білім беру ұйымын аккредиттеу - аккредиттеу органының білім беру қызметтерінің сәйкестігін тану рәсімі, белгіленген стандарттарға сәйкес объективті ақпаратты ұсыну мақсатында олардың сапасы мен тиімді тетіктерінің бар екенін растау.

2017 жылдың 11-13 желтоқсан күндері Жамбыл медициналық колледжінде институционалдық және мамандырылған аккредиттеу жөніндегі сыртқы сараптама комиссиясы жұмыс істеді. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасының медициналық колледждерінің және жұмыс беруші мекемелерінің өкілдері кірді. Ахмадиев Адлет Амангелдіұлы - Өскемен медициналық колледжінің директоры. Пәрімбекова Айсұлу Сатыбалдықызы - Жетісай медициналық колледжінің оқу-ісі жөніндегі директордың орынбасары. Акимниязова Нагима Дайрабайқызы - Қызылдорда жоғарғы медициналық колледжінің әдістемелік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары. Нуржанов Раимқұл Бестайұлы - Тараз қаласының қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері. Серік Дильнас Серікқызы - “Болашақ” Тараз медициналық колледжі “Мейірбике ісі” бөлімі 3 курс студенті. Раймбекова Жанат Ахатқызы - аудиттің және кейінгі колледждер мониторингі бөлімінің директоры, п.ғ.к. Ешова Гулжамила Алпысбайқызы - Шымкент медициналық колледжінің оқу-тәжірибе ісі жөніндегі директордың орынбасары. Ульбауова Аида Мирхайдарқызы - Д. Қалматаев атындағы Семей мемлекеттік медициналық колледжінің оқу-тәжірибе ісі жөніндегі директордың орынбасары. Макашева Мейіз Бурганбайқызы - Талдықорған медициналық колледжінің бөлім меңгерушісі. Турбаева Альфия Жамалетдинқызы - Астана қаласы «Даналық» колледжінің ПЦК төрайымы.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!



20.12.2017 ж.
«Қазақстан
2020 :
Болашаққа
жол» ҚР-ың
мемлекеттік
ж а с т а р

саясатының тұжырымдамасын іске асыру мақсатында облыс әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Атамекен» атты патриоттық ән байқауында колледждің «Мейіргер ісі» 212 топ студенті С.Сериқова жүлделі 2 орынмен, 115 топ студенті Д.Перзентбай 3 орынмен марапатталды. Жетекшісі ЖІК төрайымы Д.Б.Уркимбаева.



24.12.2017 ж.
к о л л е д ж
с т у д е н т т е р і н е
а р н а л ғ а н
« Б а л т а ш »
мейрамханасында
"Жаңа Жыл-2018"
атты мерекелік

кеші ұйымдастырылып, колледждің тәрбие ісі жұмысының меңгерушісі Л.К.Мейрманова жыл бойы белсенді жұмыс атқарған студенттерге: 301 топ студенті Е.Қыпшақбаев, 405 то студенті Е.Серікұлы, Е.Аксанди, 212 топ студенті С.Сериқова, Д.Омарова. Ж.Оразғалиев алғыс хатпен марапаттап, студенттерді келе жатқан жаңа жылмен құттықтады. Ұйымдастырушылар: ЖІК төрайымы Д.Б.Уркимбаева және 301 топ студенті Е.Қыпшақбаев



ЖАНА ЖЫЛДЫҚ ШЫРША



29.12.2017 ж.
Ж а м б ы л
медициналық
к о л л е д ж
қызметкерлері
нің балаларына арналған жаңа жылдық шыршасы өтті. Бұл кешті №3 Арнайы пәндер ЦӘК төрайымы Парманова А.Т. және оқытушылар ұйымдастырды. Кеште Аяз Ата мен ақшақар балаларды билетіп, өлең айтқандарға сыйлықтар берді. Балалар шыршасы көңілді өтті.

ФЛЕШ - МОБ



13.12.2017 ж.
«Қазақстан
2020 :
болашаққа
ж о л »
Қазақстан

Республикасының мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасын іске асыру мақсатында облыс әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің және жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б. Уркимбаеваның ұйымдастыруымен облыстық қан орталығында 109 және 113 топ студенттері жастар флешмобына қатысты.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МҰРАЖАЙҒА САЯХАТ

14.12.2017 ж. 202 топ студенттері құқық бұзушылыққа бой алдырмау, алдын алу және полиция қызметкерлерінің жұмыстарымен танысу мақсатында, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р. Усеновтың ұйымдастыруымен Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің мұражайына департамент бастығы, полиция генерал-майоры Маткенов Тілеген Советұлының рұқсатымен барып қайтты. Мұражай директоры Зияутдинова Гульчехра Юсуповна колледж студенттеріне халық қаһарманы Ғ. Байтасовтың ерлігі туралы және т.б. көптеген мағлұматтар беріп, құқық бұзушылыққа жол бермеу, қылмыстың түбі жаза екендігін айтып, жеткіншектерді бұзақылық жасамауға шақырды.



«Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының» басым бағыттары мен дін саласындағы заң бұзушылықтардың салдарын түсіндіру және дәстүрлі емес діни ағымдардың алдын алу мақсатында бейнефильмдер студенттерге толық көрсетілді.

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

22.12.2017 ж. педагогикалық кеңес өтті. Күн тәртібінде:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы міндеттер. Жауапты: Амирбеков Д.К.

2. Спорттық секциялар жұмысының ұйымдастырылуы.

Жауапты: Сагындыкова Б.А.

3. №1 қалалық аурухана базасындағы оқу-өндірістік оқытудың ұйымдастырылуы мен сапасы Жауапты: директордың оқу-тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Андакулова К.Т.

4. Әртүрлі сұрақтар



ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

20.12.2017ж. Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» атты мақаласын талқылауға «Емдеу ісі бөлімі» 328 топ студенттерінің қатысуымен, топ жетекшісі Ш.Е.Ашимова дөңгелек үстел өткізді. Іс-шараға «Қазақстан халқының ассамблеясы», ТарМУ кафедра меңгерушісі Мамедова П.И. қатысып, студенттермен бірге аталған мақаланы қолдап, Қарар қабылданды.




ПӘНДІК АПТАЛЫҚ «ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ-ҚАЗАҚСТАНЫМ»

№1 әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК төрайымы Г.Н. Жантохованың басшылығымен пәндік апталығы өткізілді. Апталық барысында келесі іс-шаралар жүзеге асырылды.



11.12-15.12.2017 ж. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 26 жыл толуына байланысты апталық өтті. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін

насихаттауға 11.12.2017 ж. таңертең 8⁰⁰-де колледждің 1 қабатында оқытушылар мен студенттерге колледж ұжымын құттықтау іс-шарасы өткізіліп, 26 жылдыққа арналған эмблема тағылды.



11.12.2017ж.

I курс топ студенттерінің арасында «Тәуелсіз елдің патриотымын» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді.

11.12.2017 ж. II курс топ студенттерінің арасында «Тәуелсіз Елім-Қазақстаным» тақырыбында сурет байқауы өткізіліп, 3 қабат холлына ілінді.



12.12.2017 ж. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 26 жылдығына арналған «Бұл палата «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»



бағдарламасы өз мақсатына жетеді деп есептейді» тақырыбында Айдабосынова Ж.Н. пікірсайыс өткізді.

13.12.2017 ж. «Мейіргер ісі бөлімі» 103 топ студенттерінің қатысуымен топ кураторы М.Ж. Жакипованың ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 26 жылдығына арналған «Елімнің еркіндігі - Тәуелсіздік» атты ашық тәрбие сағатын өткізілді.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 26 жылдығына өткізілген іс-шаралардың қорытындысына есеп беріліп, студенттер марапатталды.



КӘСІБИ БАҒЫТ - БАҒДАР БЕРУ «МЕНИҢ МАМАНДЫҒЫМ – МЕНИҢ БОЛАШАҒЫМ»

14.12.2017 ж. Жамбыл медициналық колледжінің Бғимаратында «Менің мамандығым – менің болашағым» атты студенттер өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде колледждің «Шипагер», «Флора», «Адал жандар», «Жас эколог», «Аялы алақан»,

«Занимательная грамматика», «Эврика», «Изденуші биолог», «Юный химик», «Рефлекс», «English» үйірмелерінің өнімдері ұсынылды. Көрмеге №47 орта мектебінің 9 сынып оқушылары (30 оқушы) қатысты.



«МЕЙІРГЕР ІСІ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ОТЫРЫСЫ

21.12.2017 ж. Түркістан медициналық колледжі базасында on-line режимінде «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік бірлестігінің жоспарлы отырысы өткізілді. Бейнеотырысына колледждің «Мейіргер ісі негіздері» пәндер оқытушылары қатысты.



«ФАРМАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ОТЫРЫСЫ

22.12.2017 Ж. «Фармация» мамандығының оқу-әдістемелік бірлестігі жұмыс жоспарына сәйкес Түркістан медициналық колледжі базасында on-line режимінде оқу-әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы өткізілді. Бейнеотырысына Жамбыл медициналық колледждің фармацевтикалық пәндер оқытушылары қатысты.

ОНЛАЙН ТӘРТІБІНДЕ ӨТКЕН КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУ

15.12.2017 ж. Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ұйымдастырылуымен

«О лекарствах для всех. Казахстанский национальный формуляр: достоверно о лекарствах» тақырыбында онлайн-конференция өткізілді. Конференцияға колледждің фармацевтикалық пәндер оқытушылары қатысты.



АШЫҚ ЕСІК «МАМАНДЫҒЫМ - МАҚТАНЫШЫМ»



Бғимаратында кәсіптік бағдар беру жұмысының ынталандыру мақсатында «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбында «Ашық есік» ұйымдастырылды. «Ашық есікке» Тараз қаласының №42 орта мектебінің жоғары сынып оқушылары, Техникалық шығаршылық орталығы оқушылары және олардың сынып жетекшілері қатысты.